

2011 жылы денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау ретінде көтерме жәрдемақы мен бюджеттік кредит беру туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 қаңтарда № 3-3-119 тіркелді. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 02-6/20 хатымен.

Ескерту. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2013.01.30 № 02-6/20 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18-ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шаралары ретінде жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең мөлшерде көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит берілсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2011.04.22 № 15; 2011.09.22 № 34 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 21 ақпандағы № 3 "2010 жылы денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау ретінде көтерме жәрдемақы беру туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-103 болып тіркелген, аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінің 2010 жылғы 30 наурыздағы № 15-16 санында жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының
төрағасы, мәслихат хатшысы:

А. Кайрушев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК